

31 Менің бауырларым

- Артикуляциялық жаттығу
- Саусақ жаттығуы
- Көз жаттығуы

Бауырым, менің бауырым,
Жанымнан да жақыным,
Бір атадан туғанбыз,
Бірге айналар қанымыз.



Кел сөйлесейік...

Мақсаты: бауырлар туралы түсінік қалыптастыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балалардан: «Үйде қанша ағайындысыңдар?» деп сұрайды. Қанша ағасы, әпкесі немесе інісі, сіңлісі, қарындасы бар екенін анықтайды. Оларды бір сөзбен «бір анадан, бір әкеден туған бауыр» деп айтататынын түсіндіреді. Бауырлар бір-біріне әрдайым жана-шыр қамқор болу керек екенін айтып, суретке қарап, әңгіме құрастырады.

Бауырлары жайлы, олармен қарым-қатынасы туралы әңгіме құрастыру.

Қажетті құралдар: суреттер, жұмыс дәптер.

Менің әлемім

Мақсаты: өз бауырлары, ағайын сөздеріне түсінік беру.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балалардан бауырларымен демалыс күндерін қалай өткізетінін сұрайды. Бауырларымен хайуанаттар бағына барғанда, ол жерден қандай аңдардың түрлерін көргенін әңгімелеп беруді сұрайды. Жұмыс дәптеріндегі суреттен «бауырларыммен табиғат аясында» атты тақырыпта әңгіме құрастыру тапсырмасын орындайды.

Қажетті құралдар: көрнекілік суреттер, жұмыс дәптер.

Ертегі әлемі

«Арманына жеткен етікші» ертегісі.





Сергіту сәті

Секіреміз топ-топ,
Шапалақтап көп-көп.
Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш,
Иілеміз солға қарай бір,екі,үш.

Өзіміз жасаймыз

Мақсаты: балалардың өз бетімен әрекет ету әдістерін меңгерту. Балалардың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балаларға тақырыпқа сай тапсырма береді. Балалар түрлі-түсті қағаз, арқылы өзінің туындысын жасап шығарады. Бауырларына оларды қалай жақсы көретінін айтып жеткізуге жүрекшелерді таратып береді. Педагог алдын ала қиылған жүрекшелерді таратып бауырларына жылы сөздерін айтады. Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Тапсырманың көмегі арқылы балалардың сөздік қорын бақылау. Балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесу керек. Балалардың әрекетіне қарай мадақтау қажет.

Қажетті құралдар: желім, қайшы, түсті қағаздар.

Сызықты жалғастырып сыз

Мақсаты: қолды жазуға дайындау.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар дұрыс бағытта жазып үйренуі үшін, педагог түсіндіргеннен кейін, балалар үзік сызықтарды көзін жұмып ауада жазады. Осыдан кейін балалар педагогтің түсіндіруімен дәптерде көрсетілген үзік сызықтарды мұқият қаламмен бастырып шығады. Дұрыс жазуды жылдам үйренуге көмектесу. Балалардың әрекетіне қарай мадақтау қажет.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері, қалам.

Сандар, пішіндер, түстер

Мақсаты: балалардың коммуникативтік-ақпараттық құзыреттілігін молайтып, ой-түйсігін, қиялын дамыту. Сенсорлық ойлау, мұқият болу дағдыларын сіңіру.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балаларға жұмыс дәптерінен берілген суреттерде қандай айырмашылық бар екенін тауып, атап көрсету тапсырмасын орындайды. Балалар екі суреттен қандай айырмашылықтарды байқағанын? Оларды қоршап, сызып көрсету тапсырмасын орындайды. Келесі тапсырмада әр қатардан ненің артық екенін тауып көрсет. Не себепті артық екенін түсіндір. Суреттерді боя, тек артық деп тапқан суреттерді бояма. Балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесу керек. Балалардың әрекетіне қарай мадақтау қажет.

Қажетті құралдар: суреттер, жұмыс дәптері.

Сергіту сәті



Ойнайық, ойлайық

Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін, кеңістіктік қиялды дамыту, балаларға мақсат қоюды және оған жетуді үйрету.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балаларға жұмыс дәптерінен берілген тапсырманы орындатады. Суреттегі балалардың көлеңкелерін сызық арқылы сәйкестендіру тапсырмасын орындайды. Балалар берілген тапсырманы дұрыс аяқтай алмаса, көмектесу керек. Бұндай тапсырмалар балалардың жан-жақты дамуы үшін өте қажет. Тапсырманың көмегімен балаларды адалдыққа, мейірімділікке, сенім және ықыласты болуға тәрбиелеу. Балалардың қиялын оятып, қызығушылығын дамыту. Балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесу керек.

Қажетті құралдар: суреттер, жұмыс дәптері.

Тіл ұстарту

Мақсаты: балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: тілді дамытуға арналған жаттығулар балалардың жеке қабілеттерін дамытуға көмектеседі және көркем сөйлеулеріне ықпал етеді. Балаларға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесу керек. Балалардың әрекетіне қарай мадақтау қажет.

Ағасы бардың - жағасы бар,

Інісі бардың - тынысы бар.

Қажетті құралдар: мақал, сурет.

Күтілетін нәтиже: балалардың сөздік қорлары молаяды және эмоцияларын ашық көрсете алуға үйренеді. Балалар «бауыр» деген сөздің мағынасын түсінеді. Бір-біріне сенімі артып, мейірімді сезінеді және өзара түсінушілік қалыптасады. Қиялы шыңдалып, қызығушылықтары артады. Саусақ моторикасы дамып және негізгі түстерді топтастыруға үйренеді. Логикалық ойлауы дамиды. Дыбыстарды дұрыс айтуы қалыптасады.